ҒТАМР 02.31.21 https://doi.org/10.26577/jpcp97320262

М. Сәбитов

Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: sabitov.murat@proton.me

ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, ДАНЫШПАН ФИЛОСОФ ЖӘНЕ КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ Ж.М. ӘБДІЛДИН ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Мақала Қазақстанның белгілі философы Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдиннің ғылыми және қоғамдық қызметіне арналған. Ж.М. Әбділдин кеңестік және қазақстандық философияның дамуына елеулі үлес қосты. Ол – Қазақстандағы диалектикалық логика мектебінің негізін қалаушы, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының вице-президенті, қоғам қайраткері және ғалымдардың тұтас бір буынына тәлімгер болған көрнекті тұлға. Ғылым мен қоғамның дамуына қосқан елеулі үлесі үшін ол жоғары мемлекеттік наградалармен, соның ішінде «Барыс» және «Парасат» орденделімен марапатталған.

Ж.М. Әбділдин формалдық және диалектикалық логиканың арақатынасы, таным субъектісінің белсенділігі, сондай-ақ таным үдерісінің әлеуметтік-тарихи шарттылығы мәселелерін өзіндік әрі жаңаша пайымдау, түсіндіру және талқылауға негізделген жаңа философиялық бағытты қалыптастырды.

Диалектиканың осы және басқа да күрделі мәселелерін зерттей отырып, Ж.М. Әбділдин және оның әріптестері батыл ғылыми жарияланымдары мен халықаралық форумдардағы баяндамалары арқылы өзін танытқан Алматы философиялық мектебін қалыптастырды.

Мақаланың негізгі мақсаты – Алматы диалектика мектебі өкілдерінің ғылыми танымның қалыптасуы мен дамуына қосқан өзіндік үлесін ашып көрсету. Мақаланың міндеті – аталған мектеп өкілдерінің еңбектері әлемдік философиялық ойдың жалпы даму контексіне енетінін негіздеу. Қазақстандық ғалымдар таным субъектісінің диалектикасына қатысты күрделі мәселелерді зерттеп, талқылай отырып, марксизмді сыни тұрғыдан қайта пайымдады. Сонымен қатар олар жаңа әдіснамалық және теориялық ұстанымдар негізінде тарихи-мәдени үдерісті философиялық тұрғыдан жаңаша пайымдауды мақсат етті. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – жаңа білімнің қалыптасу үдерісін диалектикалық қайшылықтар, проблемаларды қою және оларды шешу жолдарын іздеу арқылы көрсетуінде. Яғни жаңа білімнің қалыптасуы дайын нәтиже ретінде емес, қарама-қайшылықтарды анықтау, ғылыми мәселелерді тұжырымдау және оларды шешудің тиімді әдістерін іздеу барысында жүзеге асатын үдеріс ретінде қарастырылады. Ж.М. Әбділдин және оның әріптестері бастау ұғымын негіздеудің критерийлері мен принциптерін айқындап, диалектикалық тұрғыдан оның мәнін зерттеді. Сонымен қатар олар дамыған физикалық теориялардың, атап айтқанда салыстырмалылық теориясы мен кванттық механиканың негіздеріне категориалдық талдау жүргізді. Алматы диалектика мектебінің ғылыми-зерттеу және теориялық жұмыстары идеологиялық догмалардан бас тартудың бастауына айналып, азаматтық батылдық пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Бұл зерттеулер алдағы әлеуметтік-экономикалық және рухани-адамгершілік өзгерістердің философиялық әрі теориялық негізін қалыптастырды. Дәл осы Алматы диалектикалық логика мектебінің еңбектерінде қоғамда сыни дүниетанымның қалыптасуына ықпал еткен жаңа философиялық идеялар мен тұжырымдар алғаш рет теориялық тұрғыдан негізделіп, ғылыми айналымға енгізілді. Осы арқылы зияткерлік еркіндік пен рухани тәуелсіздік ахуалын қалыптастыруға негіз қаланды.

Түйін сөздер: Ж.М. Әбділдин, Алматы диалектикалық логика мектебі, таным субъектісінің белсенділігі, диалектикалық қайшылықтар, диалектиканың принциптері мен категориялары, диалектикалық әдіснама.

M. Sabitov

Almaty University of Humanities and Economics, Almaty, Kazakhstan
e-mail: sabitov.murat@proton.me

Memories of J.M. Abdildin, an outstanding scholar, philosopher, and public figure

This article is dedicated to the renowned Kazakhstani philosopher Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin. Zh.M. Abdildin made an important contribution to the development of Soviet and Kazakhstani philosophy. He founded the Kazakhstani school of dialectical logic, served as Vice President of the

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, and mentored an entire generation of scholars. For his contributions, he was awarded the highest state awards, including the Barys and Parasat Orders.

Zh.M. Abdildin is shaping a new philosophical movement distinguished by an original and completely new reading, understanding, and discussion of issues related to the relationship between formal and dialectical logic, the activity of the cognitive subject, and the socio-historical determinacy of the cognitive process. By exploring these and other complex issues of dialectics, Zh.M. Abdildin and his colleagues created the Almaty school of philosophy, which has made a name for itself through bold publications and presentations at international forums.

The primary goal of this article is to uncover the original contribution of representatives of the Almaty school of dialectics to the formation and development of scientific knowledge. The article's objectives are to substantiate the position that the works of these representatives fit within the context of global philosophical thought. Kazakhstani scholars, exploring and discussing complex issues of the dialectic of the cognitive subject and critically rethinking Marxism, have set themselves the task of philosophically rethinking the historical and cultural process from new methodological and theoretical perspectives. The novelty of their research lies in expressing the process of forming new knowledge through dialectical contradictions, problem formulation, and the search for methods to resolve them. Zh.M. Abdildin and his colleagues conducted and defined the criteria and principles for substantiating the principle, conducting a categorical analysis of the principle in the most developed physical theories, the theory of relativity, and quantum mechanics. The research and theoretical work of the Almaty School of Dialectic Logic marked the beginning of a rejection of ideological dogmas, becoming an example of civic courage and responsibility. It became the philosophical and theoretical foundation for future socioeconomic, spiritual, and moral changes. It was in the works of the Almaty School of Dialectical Logic that new philosophical ideas and propositions were first substantiated and presented, contributing to the formation of a critical worldview in society, creating an atmosphere of intellectual freedom and spiritual independence.

Keywords: Zh.M. Abdildin, Almaty School of Dialectical Logic, the activity of the cognitive subject, dialectical contradictions, principles and categories of dialectics, dialectical methodology.

М. Сабитов

Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан
e-mail: sabitov.murat@proton.me

Воспоминания о выдающемся учёном, философе и общественном деятеле Ж.М. Абдильдине

Статья посвящена известному казахстанскому философу Жабайхану Мубараковичу Абдильдину. Ж.М. Абдильдин внес важный вклад в развитие советской, казахстанской философии. Он является основоположником казахстанской школы диалектической логики, вице-президент Академии наук РК, общественный деятель и наставник целого поколения ученых. За свой вклад он был удостоен высших государственных наград, включая ордена «Барыс» и «Парасат».

Ж.М. Абдильдин формирует новое философское направление, которое отличается оригинальным и совершенно новым прочтением, пониманием, обсуждением вопросов относительно проблем соотношения формальной и диалектической логики, активности познающего субъекта, вопросы социально-исторической обусловленности познавательного процесса. Исследуя эти и другие сложные проблемы диалектики, Ж.М. Абдильдин и его коллеги создали алматинскую философскую школу, заявившую о себе смелыми публикациями и выступлениями на международных форумах.

Основной целью данной статьи является стремление раскрыть оригинальный вклад представителей алматинской школы диалектики в формирование и развитие научного познания. Задачами данной статьи являются обоснование положения о том, что труды представителей школы вписываются в контекст мировой философской мысли. Казахстанские ученые, исследуя и обсуждая сложные проблемы диалектики познающего субъекта, критически переосмысливая марксизм, поставили перед собой задачу с новых методологических и теоретических позиций философски переосмыслить историко-культурный процесс. Новизна их исследования заключается в том, чтобы выразить сам процесс становления нового знания через диалектические противоречия, постановку проблем и поиски методов их разрешения. Ж.М. Абдильдин и его коллеги провели и определили критерии и принципы обоснования начала, осуществили категориальный анализ начала в самых развитых физических теориях, теории относительности и квантовой механике. Научно-исследовательская и теоретическая работа Алматинской школы диалектиков положили начло отказа от идеологических догм, став примером гражданской смелости и ответственности, стала философским и теоретическим началом грядущих социально-экономических и духовно-нравственных перемен. Именно в работах Алматинской школы диалектической логики впервые были обоснованы и представлены новые философские идеи и положения, которые способство-

вали формированию критического мировоззрения в обществе, создавая атмосферу интеллектуальной свободы и духовной независимости.

Ключевые слова: Ж.М. Абдильдин, алматинская школа диалектической логики, активность познающего субъекта, диалектические противоречия, принципы и категории диалектики, диалектическая методология.

Кіріспе

Философия ғылымдарының докторы, профессор академик Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлы 1933 жылы 16 ақпанда Павлодар облысы Май ауданының Майтүбек ауылында дүниеге келіп, 2025 жылдың желтоқсан айының бас кезеңінде қайтыс болды. Елім, халқым деп соққан жүрегі тоқтап 93-ке тақаған шағында бұл дүниеден өтті...

Мен Жәкеңнің бірінші аспирантымын. 1961 ж. С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби атындағы) университеттің физика факультетін тәмәмдаған соң, Ғылым Академиясының философия және құқық институтына кіші ғылым қызметкері болып орналасқаннан бастап, 35 жылдан астам уақыт онымен тікелей байланыста физиканың философиялық мәселелерін зерттеумен айналыстым. Жәкеңнің басқаруымен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, профессор болдым. Онымен бірге мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атандым. Менің бұл өмірдегі бүкіл болмысыма Ж.М. Әбділдиннің тигізген әсерінің маңыздылығы сонша, осы күнге дейін (жасым 90-ға таяса да) оның алдында басымды иіп, тағзым етуге дайынмын. Бұл бір. Екінші жағынан Жәкеннің адамгершілік қасиеттері, ғылым мен білімге деген аңсарын, азаматтық кредосын мендей жақсы білетін адамдар кемде-кем деп есептеймін. Сондықтан, қолыма қалам алып, осы естелікті жазуға құлшынып кірісудемін.

Жәкеңнің тұла бойы, ақыл-ойы, бүкіл өмірі, ғылым, білім, философия деп дамылсыз соққан жүрегінің айшықты айғағы болып табылады. Осындай білімге, философиялық деңгейдегі ой әлеміне түбегейлі берілген адам, тым сирек кездесетін болар. Осындай талант иесі Жәкең жастайынан алғыр, ізденімпаз, өз қатарының алды болғандығын туған інісі Мейіржан өз естеліктерінде тамаша суреттейді (Абдильдин, 2008, 3–12 бб.)

Оныншы сыныпты 1949-ж алтын медальмен аяқтаған соң Жәкең Алматыға аттанып, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы) философия факультетіне түседі. Оны да қызыл дипломмен тәмәмдап, Мәскеудің мемлекеттік университеттің аспирантурасында оқып, 1958-ж философия ғылымдарының кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, Алматыға қайтып келіп, Ғылым Академиясының философия және құқық институтына жұмысқа орналасады да, ғылыми зерттеулерін жалғастырып, 1967 ж. «Теоретикалық таным проблемаларының бастауы» деген тақырыпқа өзінің монографиясын жариялап, сол кітап бойынша Мәскеуде КСРО ҒА-ның философия институтында 1968 ж. яғни 35 жасында докторлық диссертациясын табысты қорғап шығады. Жәкеннің тұла бойын кернеген оқу білімге деген, ғылым мен философияға деген құштарлық пен махаббат осылайша өз арнасын тауып, талантын ашып, таңғажайып нәтижелерге қол жеткізеді. Ғылыми қызметі мен атақтары тез өсіп, аға ғылыми қызметкер, (1960-1965 жж.), білім меңгеруші (1965-1996 жж.), 1970 ж профессор, 1973-1984 жж. Қазақ КСР ҒА философия және құқық институтының директоры, 1975-ж. ҒА-ның корреспондент-мүшесі, 1983-ж. академигі, 1986-1995 жж. ҚР ҒА вице президенті қызметін атқарады.

Ж.М. Әбділдин Алматы диалектикалық логика мектебінің негізін қалаушы болып табылады. Ол ғылыми танымды зерттеудің диалектикалық әдіснамасының негізгі категориялары мен принциптерін негіздеп, олардың мазмұны мен мәнін айқындады.

Мақаланың мақсаты – Алматы диалектика мектебі өкілдерінің ғылыми танымның қалыптасуы мен дамуына қосқан өзіндік үлесін ашып көрсету.

Мақаланың міндеті – мектеп өкілдерінің еңбектері әлемдік философиялық ой мәнмәтініне енетінін негіздеу. Қазақстандық ғалымдар таным субъектісі диалектикасының күрделі мәселелерін зерттеп, талқылай отырып, марксизмді сыни тұрғыдан қайта пайымдады және тарихи-мәдени үдерісті жаңа әдіснамалық әрі теориялық ұстанымдар тұрғысынан философиялық тұрғыда қайта зерделеуді міндет етіп қойды.

Зерттеудің жаңалығы Ж.М. Әбділдин мен оның әріптестерінің диалектикалық логиканы дамытуға қосқан философиялық-теориялық

және әдіснамалық үлесін ашып көрсету және негіздеуден, сондай-ақ диалектикалық қайшылықтар арқылы жаңа білімнің қалыптасу үдерісін, проблемаларды қою және оларды шешу әдістерін іздестіруді зерттеудің өзектілігі мен теориялық маңызын айқындаудан тұрады.

Зерттеу әдіснамасы: Мақалада қойылған міндеттерді талдау барысында автор биографиялық әдісті, мәдени релятивизм және даму қағидаттарын қолданады.

Әдеби шолу, зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Ж.М. Әбілдиннің ғылыми өсу жолының шешуші бір кезеңі, оның философия және құқық институтында диалектика бойынша зерттеу тобын басқарып (бұл топқа А.Х. Қасымжанов, Л.К. Науменко, М.И. Бакатниздзе кіретін) бүкіл Одақта жоғары бағаланған монографиялардың жарық көрінуіне байланысты еді. Осы топты құруда институттың алғашқы директоры заң ғылымдарының докторы, академик С.З. Заманов-тың рөлі өте зор екенін атап өтуге тиіспіз. Салық Заманов өзі құқықтанушы болса да, философтардың шығармашылық өсуіне ерекше көңіл бөліп, барлық қажетті жағдайларды тудыртып, қолдап, отырған болатын (Абдильдин, 2011).

Ескеретін тағы бір жағдаят мынада: сол кездері (яғни XX ғ. 60-жылдары) институт директорының ғылыми жұмысы бойынша орынбасары қызметін философия ғылымдарының кандидаты доцент Г.А. Югай атқаратын. Олда (Ж.М. Әбілдин мен А.Х. Қасымжанов сияқты) философия факультетінің түлегі. Үшеуі сол факультетте қатар оқыған және бәрі де материалистік диалектиканың логикалық, талғамдық-теориялық, әдіснамалық қызметтерінің бірлік принципін іске асыруға ұмтылған зерттеушілер болатын. Оның Ж.М. Әбілдин басқарған топқа енбеген себебі, ол өзі сол кезде жаратылыстанудың (әсіресе биология мен медицинаның) философиялық мәселелері бойынша бір зерттеу тобын басқаратын еді. Сондықтан оны да сырт қалдыруға, мүлде ескермеуге болмайды, өйткені ол еңбектерінде осы принципті өзінше берік ұстанған озық зерттеуші болғаны анық (Югай, 1965a, 1965b; Югай, 1968).

Ж.М. Әбділдин басқарған топ, XX ғ. 60-жылдары бірінен соң бірі жарық көрген бірнеше монографиялары (жоғарыда аты аталған Жәкеннің кітабы, А.Х. Қасымжановтың «Проблемы совпадения диалектики, логики и теории познания», Л.К. Науменко «Монизм как принцип диалектической логики», М.И. Баканидзенің «Субординация логических форм» деп аталатын жеке монографияларымен қатар (Қасымжанов, 1962; Науменко, 1968; Баканидзе, 1968)), олардың ең алдымен бірігіп шығарған «Проблемы логики и диалектики познания» (Абдильдин және т.б., 1963) деп аталатын монографияны жариялап, оларға «Вопросы философии» журналы мен басқа да ғылыми журналдары жоғары бағаланған рецензиялар беріліп, «Диалектикалық логиканың Алматылық мектебі» деген атаққа ие болған еді.

XX ғ. 60-жылдарының соңына қарай Г.А. Югай мен Л.К. Науменко Мәскеуге, ал А.Х. Қасымжанов ҚазМУ-дың философия факультетіне қызметке ауысып, Ж.М. Әбілдин Ғылым Академиясының философия және құқық институтында диалектикалық-логикалық зерттеулерді үстірте жандандырып, өзінің бірнеше жеке монографияларымен қатар (Абдильдин, 1967) көптеген ұжымдық монографияларды жариялап (Абдильдин & Сабитов, 1972; Абдильдин & Нысанбаев, 1973; Абдильдин, 1974, 1975), кадрлар даярлап, диалектикалық-логикалық мектептің Республикалық дәрежеге ие болуына жол ашады. Расында Алматыда В.И. Ротницкий, Ә.Н. Нысанбаев, Г.Г. Соловьева, М. Сәбит, Н.К. Сейтахметова, М.С. Орынбеков, Н. Мұқтанов, Р.Қ. Қадыржанов, Н.Л. Сейтахметова, М. Шәйкемелев, Ғ.Ғ. Борлыбаева, Ғ. Құрманғалиева, С.Ю. Колгигин, А.Х. Қасымжановтың бір топ шәкірттері (Б.Ғ. Нұржанов, А. Сағықызы, А.Келбуғанов және т.б.), Астанада – Р.Ж. Әбілдина, Н.Иманқұл, Әлди Хайдар, Оралда – Т.Х. Рысқалиев, Өскеменде – Григорьев, Н.В. Гусева, Г. Бектасова, Е.У. Савгук, Павлодарда – Г.Д. Кокумбаева, М.Ж. Қожамжарова, Г.Ғ. Ахметова, А.С. Ахметов, Семейде – Ү. Әлжанова, Қ.Қ. Бегалиева және т.б. жас философтар легі қаулай өсіп, жүйелі зерттеулер жүргізген болатын.

Ж.М. Әбділдин философия және құқық институтының директоры (1973-1984 жж.), Академияның вице президенті (1986-1995 жж.) болып қызмет істеген кездері институттың үш бөлімі (диалектика теориясы бөлімі, басшысы Ж.М. Әбілдин, бейнелеу теориясы бөлім басшысы – Қ.Ә. Әбішев және жаратылыстанудың философиялық мәселелері басшысы Ә.Н. Нысанбаев) күш қосып, бірге әрекет жасап, диалектикалық-логикалық зерттеулердің арнасын одан ары кеңейткен еді. Соның нәтижесінде «

«Идея категориясының рөлі», «Ғылыми танымдағы мазмұндық және формалдық бастаулардың арақатынасы» және т.б. тақырыптарда ұжымдық ғылыми еңбектер, сондай-ақ жекелеген авторлардың монографиялары жарық көрген болатын. Осы зерттеулердің басты мақсаты түптің-түбінде бүкіл Кеңес Одағы философтарының жабыла шешуге ұмтылған мәселесі, материалистік диалектика категорияларының ғылыми негізделген жүйесін құруды іске асыру еді. 1981 ж. осы мақсатқа жетудің кілтін ашып берген Ж.М. Әбілдин мен Қ.Ә. Әбішевтің «Формирование логического стресса мышления в процессе практической деятельности» (А. 1981) деп аталатын монографиясы жарық көреді: бұл кітапта адамзат ойының дамуы желісін оның практикалық іс-әрекетімен қоғамдық қатынастардың өркендеуімен терең байланысында зерделеу қажеттілігіне сүйеніп, объект және субъект, материя, тұтастық және бөлік, жалпылық және жекелік, қозғалыс, даму, және т.б. категориялардың қалыптасу үрдісін сипаттап береді. Міне осыдан кейін ғана Жәкең басқарған зерттеушілердің ұжымдық тобы 4-томдық «Диалектикалық логика» кітабын жариялап, бұл атышулы мәселенің шешімін беріп тынады.

Дәл осы мәселені жарыса зерттеген Мәскеулік, Ленинградтық, Киевтік, Ростовтық топтар да өз мәресіне жеткенімен, Қазақстандық философтардың еңбегін жоғары бағалап, тіпті әртүрлі даулы сұрақтар туындағанда Қазақстандық философтардың бұл туралы пікірлері қандай екен деп құлақ түрулері, Алматыда 3 рет (1968, 1977, 1990 жж.) диалектикалық логика бойынша өткізілген бүкілодақтық симпозиумдарға үдере қатысуы, белгілі Ресей философы академик В.А. Лекторскидің Ж.М. Әбділдин мен оның мектебінің тындырған істерін, Платон, Аристотель, Кант, Гегель, Маркс сияқты әлемдік философияның ең атақты өкілдері шығармашылығының тікелей жалғасы деп бағалауы (Югай, 1965а, 5-б.), мұның бәрі Жәкеннің адал еңбегінің шынайы жемісі болып табылады.

Ж.М. Әбділдиннің басқаруымен 20-дан аса ғылыми докторы, 50 шақты ғылым кандидаттары даярлағаны мәлім. Шындығын айтқанда академик ағамыз бүкіл Қазақстан философтарының қадірлі ақсақалы, дарынды көшбасшысы, еліміздің ардақты азаматы екені анық. Жабайхан Мүбәрәкұлы өз заманы кезіндегі философиялық Конгресттердің 1968-ж. бастап, барлығына қатысып баяндама жасаған бірден-бір қазақ философы. Оның философиялық зерттеулері қазақ философиясын біртұтас әлемдік философияның ішнара бір тармағы ретінде түсінуге жол ашып берді. Ал бұл өте маңызды, өйткені ұлттық философиялық ой өзімен-өзі ғана дараланып өмір сүретін болса, түйықталып, булығып, үні шықпай, ары қарай дамымай қайраңдап қалуы әбден мүмкін. Мұны қазақ философиясын зерттегенде мейілінше ескеріп отырған жөн.

Батыс Еуропа елдерінде тоталитарлық жүйеден демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамға өту үдерісі сыни ойлау еркіндігінің, жаңа әлеуметтік шынайылықтар мен құндылықтарды шығармашылық түрғыдан қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктерін ашты. Осыған байланысты экономика мен саясатта, этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында шешімін талап ететін көптеген объективті қайшылықтар туындады. Оларды еңсеру әмбебап диалектикалық әдіске жүгінуді қажет етті. Алайда парадоксальды түрде, әлеуметтік-экономикалық шығармашылық диалектиканың әдістерін қолдануды қажет еткен түста, ең алдымен ғылыми ортада одан бас тарту үрдісі байқалды. Диалектика марксизм идеологиясымен теңестіріліп, марксизмді теріске шығару барысында сыни әрі шығармашылық ойлаудың әмбебап әдісі ретінде қарастырылатын диалектиканың өзі де шетке ығыстырылды.

Олардан өзгеше, Жабайхан Мүбарәкұлы Платон, Кант, Гегель, әл-Фараби сынды ойшылдардың философиялық шығармашылығы мен мұрасын қорғауға бар күш-жігерін жұмсап, диалектиканың философиялық мәдениеттің ажырамас элементі болғанын және бүгін де солай қала беретінін, сондай-ақ оның тарихи түрғыдан әртүрлі нұсқалары болуы мүмкін екенін дәлелдеуге ұмтылды. Диалектиканы догматтық марксизммен теңестіру – қауіпті жаңсақ түсінік.

Қазіргі философияда диалектика өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ. Мұны, мысалы, Франкфурт мектебі өкілдерінің өзіндік әрі сыни зерттеулері айғақтайды. Аталған мектеп өкілдері рационалдылықтың жаңа түрін – негативті диалектиканы қалыптастырды. Жабайхан Мүбәрәкұлы Ж.П. Сартрдың экзистенциалдық диалектикасымен пікірталасқа түсіп, герменевтика тұжырымдамасында көрініс тапқан диалектиканың жаңа нұсқасына қатысты ғылыми дискуссияларға қатысады. Сонымен қатар ол, ең алдымен, әл-Фараби, Абай және Шәкәрім еңбектерінде көрініс тапқан шығыстық диалектика үлгілеріне назар аударады.

Ж.М. Әбділдиннің пайымдауынша, қазақтың поэтикалық философиялық ой-толғамы өзінің рухани табиғаты жағынан диалогтік сипатқа ие, оның өзегінде экзистенциалдық диалектика мен шығармашылық серпін жатыр. Философиялық ізденістердің нәтижесінде 2000 жылы Әбділдиннің жетекшілігімен «Диалектика тарихы» атты екі томдық еңбек жарық көрді.

Жәкеңнің қоғамдық-әлеуметтік қызметі оның азаматтық белсенділігінің, адамгершілік болмысының, терең білімі мен өмірлік тәжірибесінің, елім, жерім, қазағым деп соққан жүрегінің айшықты айғағы болып табылады. Ол көп жылдар бойы Кеңестің депутаты, сенаттың халықаралық істер, қорғау және қауіпсіздік Комитетінің басқарушысы қызметін атқарды. Қазақ ақын-жазушылары Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А. Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссия жұмысын іскерлікпен басқара білді.

Жоғарыда, Алматыда диалектикалық логикаға арналып өткізілген үш бүкілодақтық симпозиум туралы қысқаша ғана айтып өттім, ал негізінде әр симпозиумды өткізу жан-жақты дайындықты қажет ететіні белгілі. Мен өзім оларды өткізуге тікелей атсалысқандықтан, бұл істің машақаттарын жақсы білемін. Жабайхан Мүбәрәкұлы әр симпозиумның мәселелік бағытын, қарастыратын мәселелердің өзектілігін, қандай мамандардың шақырылуы керектігін, түскен мақалаларды рецензиялап, жарамды-жарамсыздығын анықтаудың, қонақтарды қалай қарсы алып, қалай шығарып салудың маңыздылығын, симпозиум материалдарын жариялаудың тиімді жолдарын ұмтылып отыратын, бұл шаралар өткенше тынымсыз күй кешетін. Біздер, Жәкеңнің шәкірттері оның шығармашылық күш-қуатынан әсер алып, бар ықыласымызбен оның айтқандарын артығымен орындауға ұмтылатынбыз. Сол үшін симпозиумды ойдағыдай өткізу жолындағы істерге қатысу, институтың жас ғалымдарының өсіп-жетілуіне дәнекер болғаны анық. Сонымен қатар, олар Қазақстандық диалектикалық-логикалық философиялық мектептің абырой-атағының өсуіне септігін тигізгені аян.

Тап осы арада әлемдік философия мен ұлттық философияның арақатынасы туралы мәселенің бас көтеруі өте орынды деп есептеймін. Принциптік тұрғыдан келгенде әлемдік философияны ұлттық философиялық туындылардың синтезделген, қорытылған жалпылама формасы деп, ал ұлттық философияны әлемдік философияның өмір сүру формалары деп анықтауға болатын сияқты. Ал шындығына келгенде философия ұғымы бар, ал ұлттық философия дегеніміз сол жалпы ұғымының (универсалының) көріністері ғана дейтін тұжырымның да мүмкіндігі барға ұқсайды. Философия «бұл дүниенің түп-негізі неде?», – деген сұраққа жауап іздеп, адамзат ойының шарықтауынан туындаған идеялардың тарихи тізбектелген легі десе де болатындай. Әлемдік философияның тарихын жетік меңгерген, диалектикалық логиканың хас шебері болып табылатын, қазақ мәдениеті мен философиясын да тереңінен қозғап, Шоқан, Абай мен Шәкәрім сияқты ұлы өкілдерінің шығармашылығын, шынайы қазақ халқының арман-мұратын әйгілеп, тарихын өткен-кеткені мен болашағына көз тастап, ой түйетіндей данагөй Жабайхан Мүбәрәкұлын қазақ ойшылы, қазақ философы деп санауға тиіспіз бе, әлде оны әлемдік философияның қазақтан шыққан озық өкілі деп атағанымыз жөн бе?

Меніңше, Ж.М. Әбділдин әлемдік философияның қыры мен сырын терең меңгерген, әрі қазақ мәдениетін жастайынан дарытқан, ғалым, философ, оның ақыл-ойына әлемдік философия мен қазақтың ұлттық дүниетанымы гармониялық бірлікте түнған түрінде орын тепкен деп қорыта аламыз. Ол әлемдік философия жетістіктері мен қазақ ұлттық философиясының құнарлы қағидаларын өз бірлігіне өзара үйлестіре меңгерген, және мұны үдере дамытқан абзал адам, даңқты ғалым, қоғам қайраткері. Оның ғылыми-философиялық еңбектері мен саяси-әлеуметтік қызметі мемлекет тарапынан, жоғары бағаланып, неше түрлі сыйлықтармен (ҚР мемлекеттік сыйлығымен, Ш.Ш. Уалиханов сыйлығымен, Бейбітшілік және Рухани татулық Президенттік сыйлығымен, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығымен, ТМД-ның «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығымен) және Еңбек, Қызыл Ту, екінші дәрежелі «Барыс», «Құрмет белгісі» ордендерімен, әртүрлі медальдармен, Құрмет грамоталарымен марпатталған.

Ж.М. Әбділдин еңбектерінің арасында маған әсіресе қатты әсер еткен, әрине оның бастама мәселесіне арналған монографиясы болатын. Жаңа ғана аспирантураға түскен ғылыми ізденістерін бастаған мен үшін, бұл кітаптың қолжазбасымен тоғысуға мүмкіндік туындап, мен оны қайта-қайта оқып, философиялық мәселелер осындай болады екен ғой, оларды философия тарихымен, білім мен ғылымның, қоғамдық өмірдің, мәдениеттің даму деңгейлерімен салғастыра зерттеу қажет екендігіне көз жеткіздім.

Сөйтіп, философияның реалдық өмірінің тоғысын сезінгендей әсер алдым. Бұл қолжазбаның соңғы тарауында қазіргі физиканың XX ғасырда ғылыми революцияның мәнге ие болған екі теориясының – Эйнштейннің қатынастылық теориясы мен Кванттық механиканың-философиялық мәселелері зерделенген еді. Өзім теориялық физика кафедрасының түлегі болғандықтан, бұл тарауды қайта-қайта оқып, өзімше миға тоқып, философиялық сауатымды жетілдіруге тырыстым.

Академик Әбділдиннің пікірінше, диалектика және мәдениет, диалектика және демократия, диалектика және саясат және басқа да мәселелер тек теориялық таным үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның рухани тәуелсіздігі мен рухани-адамгершілік қауіпсіздігін нығайту, Қазақстанның әлемдік өркениеттік кеңістікке табысты кірігуі үшін де аса маңызды болып табылады.

Ол Алматы мектебінің еңбектерінде әзірленген әдіснаманы Қазақстандағы әлеуметтік бағдарламаларды тиімді әрі ғылыми түрғыдан негізді түрде жүзеге асырудың, демократиялық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастырудың теориялық негізіне айналуы тиіс деп есептеді.

Шығармашылық әрі сыни ойлаудың әмбебап әдісі – бұл әзірге толық пайдаланылмаған, алайда Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне серпін бере алатын маңызды зияткерлік әлеует.

Қорытынды

Ж.М. Әбділдин және оның әріптестері Қазақстандағы философия ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Атап айтқанда, «Логика және диалектика мәселесі» атты еңбектің бірінші томында диалектиканы логика және таным теориясы ретінде түсінудің әдіснамалық негіздері қаланды. «Диалектикалық логиканың принциптері» еңбегінде диалектикалық логиканың категориялық аппаратына, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу және жүйелілік принциптеріне жан-жақты талдау жасалды. Ал «Ғылымды талдаудың диалектикалық-логикалық принциптері» атты еңбекте диалектиканың әмбебап заңдарының ғылыми таным мен жаратылыстану ғылымдары аясында қалай жүзеге асатыны зерттелді. «Диалектикалық логиканың категориялары» еңбегінде ойлау философиясының негізгі ұғымдары жүйеленсе, «Диалектикалық логика: Мән және түтастық саласының категориялары» (1987) атты еңбекте теориялық ойлаудың құрылымын түжырымдамалық түрғыдан жүйелеудің қорытынды кезеңдері жүзеге асырылды.

Әлем философиясының тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ философы, қазақ тілі мен мәдениеттінің шынайы жанашыры, әрі білгірі, данышпан ойшыл Абай атамыздың ізбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор, академик Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбилдиннің ғылыми-философиялық мұрасының құндылығы жоғары екенін растап, ҚР Ғылым Академиясының философия, саясаттану және дінтану институтына оның есімін беруді, еңбектерін жоғары бағалап, оның атындағы сыйлықтар тағайындауды. Алматы, Павлодар, Астана қалаларында лайықты көшелерге оның есімін беруді, бес жылда бір өтетін оған арналған халықаралық конференцияларды ұйымдастыруды, туып-өскен өлкесінде ескерткіш түрғызуды және т.б. тиісті шараларды іске асыруды ұсынамын.

Қазақ халқының сүйікті ұлы, Жабайхан ағамыздың жатқан жері жарық болсын, иманы саламат болсын деп тілеймін!

Мүдделер қақтығысы: мүдделер қақтығысы жоқ.

Автордың үлесі: *мәтін автордың түпнұсқалық нұсқасында ұсынылды.*

Әдебиеттер

Абдильдин, М. М. (2008). *Эпизоды из биографии*. Қазақ университеті. https://tou.edu.kz/arm/storage/science/doc/%D0%90%D0%B1%D0%B4%D0%B8%D0%BB%D1%8C%D0%B4%D0%B8%D0%BD%202013.pdf.pdf

Югай, Г. А. (1965). *Диалектика части и целого*. Наука. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA58473996

Абдильдин, Ж. М. (1967). *Проблема начала в теоретическом познании*. Наука. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA41467456

Қасымжанов, А. Х. (1962). *Проблема совпадения диалектики, логики и теории познания*. Издательство Академии наук Казахской ССР. https://books.google.com/books?id=VS0EIucBQJ0C

Науменко, Л. К. (1968). *Монизм как принцип диалектической логики*. Наука. https://books.google.com/books?id=f4IZkuwsH_IC

Баканидзе, М. И. (1968). *Проблема субординации логических форм*. Наука. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA2674217X

References

Abdildin, M. M. (2008). *Epizody iz biografii* [Episodes from the biography]. Qazaq Universiteti.

Abdildin, Zh. M. (2011). Vydayushchiisya uchenyi i zamechatelnyi chelovek [An outstanding scholar and remarkable person]. In *Akademik Salyq Zamanov 90 zhasta* [Academician Salyq Zamanov at 90] (pp. 5–8).

Yugai, G. A. (1962). *Problema tselostnosti organizma* [The problem of the integrity of the organism]. Sotsekgiz.

Yugai, G. A. (1965). *Dialektika chasti i tselogo* [The dialectics of part and whole]. Nauka. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA58473996

Yugai, G. A. (Ed.). (1968). *Problema tselostnosti v sovremennoi biologii* [The problem of integrity in modern biology].

Abdildin, Zh. M. (1967). *Problema nachala v teoreticheskom poznanii* [The problem of the beginning in theoretical cognition]. Nauka. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA41467456

Qasymzhanov, A. Kh. (1962). *Problema sovpadeniya dialektiki, logiki i teorii poznaniya* [The problem of the coincidence of dialectics, logic, and the theory of knowledge]. Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR. https://books.google.com/books?id=VS0EIucBQJ0C

Naumenko, L. K. (1968). *Monizm kak printsip dialekticheskoi logiki* [Monism as a principle of dialectical logic]. Nauka. https://books.google.com/books?id=f4IZkuwsH_IC

Bakanidze, M. I. (1968). *Problema subordinatsii logicheskikh form* [The problem of subordination of logical forms]. Nauka. https://ci.nii.ac.jp/ncid/BA2674217X

Abdildin, Zh., Qasymzhanov, A., Naumenko, L., & Bakanidze, M. (1963). *Problemy logiki i dialektiki poznaniya* [Problems of logic and the dialectics of cognition].

Abdildin, Zh. M., & Sabitov, M. S. (1972). *Dialektika i sovremennaya nauka* [Dialectics and modern science].

Abdildin, Zh. M., & Nysanbayev, A. N. (1973). *Dialektiko-logicheskie printsipy postroeniya teorii* [Dialectical-logical principles of theory construction]. Nauka.

Abdildin, Zh. M. (1974). *Dialektika Kanta* [Kant's dialectics]. Kazakhstan.

Abdildin, Zh. M. (1975). *Razvitie materialisticheskoi dialektiki v Kazakhstane* [The development of materialist dialectics in Kazakhstan]. Nauka. https://e-history.kz/storage/upload/library_ru_files/iblock/910/910bab6be311e461d285be85398eecaa.pdf

Автор туралы мәлімет:

Сәбитов Мұрат Сәбитұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің профессоры

Information about the author:

Sabitov Murat Sabituly – Doctor of Philosophy, Professor of the Almaty University of Humanities and Economic

Сведения об авторе:

Сабитов Мурат Сабитович – доктор философских наук, профессор Алматинского гуманитарно-экономического университета.

Келіп түсті 15.03.2026
Қабылданды 08.08.2026

ҒТАМР 02.31.21 https://doi.org/10.26577/jpcp97320263

М.Б. Муратбеков[1], В.Н. Белов[2], Б.М. Божбанбаев[3*]

[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
[3] Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан
*e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫН ҚАЙТА ПАЙЫМДАУ: ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ИСЛАМ РЕНЕССАНСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ОЙШЫЛЫ

Бұл мақалада әл-Фарабидің философиялық жүйесінің қалыптасуы мен оның тарихи-философиялық контекстегі орны талданады. Зерттеу барысында ойшылдың интеллектуалдық мұрасы антикалық философия дәстүрімен және исламдық өркениет кеңістігіндегі ғылыми трансформациялармен сабақтастықта қарастырылады. Автор әл-Фарабидің ілімін тек түсіндірмелік немесе компилятивтік сипаттағы еңбек ретінде емес, рационалдық әлеуметтік тәртіптің нормативтік теориясы ретінде пайымдайды. Мақалада бақыт (сa'ада), ақыл ('aql), қайырымды басқару және азаматтық қауымдастық ұғымдарының өзара жүйелік байланысы көрсетіледі. Сонымен қатар әл-Фараби философиясының кейінгі еуропалық рационалистік дәстүрлермен құрылымдық үндестігі салыстырмалы талдау негізінде айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – әл-Фарабидің философиялық мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан қайта пайымдау және оның Шығыс пен Батыстың интеллектуалдық дәстүрлері арасындағы сабақтастықты қалыптастырудағы рөлін анықтау. Зерттеу барысында тарихи-философиялық, салыстырмалы және мәтіндік талдау әдістері, сондай-ақ ойшыл мұрасының әлеуметтік-мәдени контекстін зерделеу тәсілі қолданылды. Зерттеу нәтижелері әл-Фараби философиясының этика, таным, саясат және қоғам мәселелерін өзара байланыстыратын тұтас теориялық жүйе қалыптастырғанын көрсетеді. Оның ізгі қала, бақыт, ақыл және ізгі басқару туралы тұжырымдары жеке адамның кемелденуі мен қоғамдық тәртіптің өзара байланысын негіздейді. Әл-Фараби идеяларының кейінгі исламдық және еуропалық философиялық ойға ықпалы оның мәдениетаралық интеллектуалдық диалогтағы маңызын айқындайды. Зерттеу нәтижесінде әл-Фараби еңбектерінің тек тарихи маңызға ие емес, қазіргі әлеуметтік-философиялық дискурста да теориялық әлеуеті бар екендігі негізделеді.

Түйін сөздер: әл-Фараби, рационализм, бақыт, ақыл, қайырымды қала, саяси философия, ислам философиясы, тарихи-философиялық талдау.

M.B. Muratbekov[1], V.N. Belov[2], B.M. Bozhbanbayev[3*]

[1]Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
[2]Patrice Lumumba Peoples' Friendship University of Russia (RUDN University), Moscow, Russia
[3]Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: bbozhbanbaev@mail.ru

Rethinking the philosophical legacy of Abu Nasr Al-Farabi: an outstanding thinker of the Islamic renaissance in world culture

This article examines the formation of al-Farabi's philosophical system and its position within the broader historical-philosophical context. The thinker's intellectual legacy is analyzed in relation to the classical Greek philosophical tradition and the transformations of knowledge within Islamic civilization. The study interprets al-Farabi's thought not merely as a body of commentaries or compilative works, but as a coherent normative theory of rational social order. Particular attention is given to the systematic interrelation of happiness (sa'ada), intellect ('aql), virtuous governance, and civic association. A comparative analysis also identifies structural affinities between al-Farabi's philosophy and subsequent European rationalist traditions.

The aim of the study is to reassess al-Farabi's philosophical legacy from a historical-philosophical perspective and to determine his role in establishing intellectual continuity between Eastern and Western philosophical traditions. The research employs historical-philosophical, comparative, and textual analysis, together with an examination of the sociocultural context in which al-Farabi's ideas were formulated and subsequently received. The findings demonstrate that al-Farabi's philosophy constitutes an integrated theoretical system connecting questions of ethics, knowledge, politics, and social organiza-

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University